

**Қорғалжын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 1/8 " Қорғалжын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс және толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2017 жылғы 23 қазандағы № 2/19 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 8 қарашада № 6155 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 2023 жылғы 5 желтоқсандағы № 7/9 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын аудандық мәслихатының 05.12.2023 № 7/9 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысымен бекітілген, Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қорғалжын аудандық мәслихатының 2016 жылғы 27 қыркүйектегі № 1/8 " Қорғалжын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5577 болып тіркелген, 2016 жылғы 27 қазанда " Нұр-Қорғалжын" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Қорғалжын ауданында әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақтың 10) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"10) Учаскелік комиссия – әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Қорғалжын ауданының ауыл, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;"

9-тармақ келесі мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар – бір рет он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде."

2. Осы шешім Ақмола облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қорғалжын аудандық  
мәслихат сессиясының  
төрағасы*

*Б.Досанбаев*

*Қорғалжын аудандық  
мәслихат хатшысы*

*Ө.Балғабаев*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Қорғалжын ауданының  
әкімі*

*Қ.Рыскелдінов*

23.10.2017